

«СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«№19 МЕКТЕП-ЛЫЦЕЙ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №19»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА САТПАЕВ»

БҮЙРЫҚ

2021 №5 01

ПРИКАЗ

№ 65

Өзінбасқандық

Город Сатпаев

«Аталар мектебінің» ашу туралы

1. «Қарағанды облысының білім басқармасының» ММ-нің 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жағыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбие тұжырымдамалық негіздерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына және облыс әкімінің педогогтарының тамыз конференциясында берген тапсырмалары негізінде
БҮЙРАМЫН:
2. «Аталар мектебі» ашылуын осы бұйрықтың орындалуын қадағалауын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Жумабековаға жүктелсін

Мектеп директоры:

А.Ж.Жумабекова



А.Ж.Жумабекова

«Аталар мектебінің ережесі»

1. Мақсаттары мен міндеттері

.1 Аталар мектебін құрудағы мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы ролін арттыру. Отбасындағы әкенің міндеттері мен жауапкершілігін қалыптастыру.

Өз қызметінде Аталар мектебі келесі міндеттерді шешеді:

- Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету, әкенің отбасындағы ролін терең тану.
- Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау
- Отбасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

3. Аталар мектебінің қызметі

3.1 Аталар мектебінің қызметіне кіреді:

- оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында үлгі-өнеге көрсету қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;
- Өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, оқушылармен қоғамға жат әрекеттермен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсінік темелерін жүргізу;
- Педагог қызметкерлерге ішімдікке, темекі шегуге, қоғамға қарсы жат мінез-құлықтар көрсетудің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;
- Кеңеске жергілікті басқару мекемесімен қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру.

4. Аталар мектебінің құқығы мен жауапкершілігі

4.1 Аталар мектебінің құқығы:

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасыларымен жұмыс істеуге, шешім шығаруға, отбасын сақтау, құрметтеуге дайындау.

- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;
- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез құлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;
- сұрақтарға жауап беру үшін әкелер мектебінің кеңесі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және құқық қорғаушы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;
- әкелер мектебінің кеңесінің қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.


«№19 мектеп-лицейі»КММ бойынша «Жүген және ноқта» шеберлік сабағы іс-шарасы туралы ақпарат.

Мектебімізде 2021 жылдың 3 ақпан күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж. Жумабекованың ұйымдастыруымен «Аталар мұрасы – халық қазынасы» атты іс-шара өткізілді.

Шеберлік сағат түрінде өткен

шараның басты мақсаты - жастар бойына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеп, аталы сөздерден өнеге алуға баулу және ата-бабадан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру болды.

Мектептің ер балаларына ат басына кигізетін жүген мен ноқта бөлшектерінің атауларын, олардың міндеттері ұсынылды. «Аталар мектебінің» төрағасы Лабаков Шалабай ата өзінің шеберлігін көрсетіп, оқушылар аталарынан шеберлік сабақ алды. Мектебіміздің директоры Ж.С. Жамангарина келген қонақтарға өзінің алғысын білдірді. Іс-шараның құрметті қонағы, Сәтбаев қалалық «Ақсақалдар кеңесінің» төрағасы Сабыр Базылұлы жастарға өнегелі ақыл-кеңесін айтып, батасын берді. Ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіретін, талапты жастарымыз көп болсын!





Мектеп директоры Ж. С Жамангарина



Орындаған А.Ж Жумабекова.
8(71063)37528

**«№19 мектеп-лицейі»КММ бойынша «Аталар сөзі-ақылдың көзі »
аталар мүшесін тағайындау туралы ақпарат.**

«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ-нің 2019-2024 жылдарға арналған Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары және Қарағанды облысы білім басқармасының «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 05 қаңтардағы №5 Бұйрығы негізінде мектебімізде аталған жоба бойынша 27 қаңтар күні ТІЖО А.Ж Жумабекова «Аталар мектебі» «Аталар сөзі- ақылдыңкөзі » атты аталар жиналысын өткізді.



Аталар мектебін құрудағы мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, Әке мен атаның жасөспірімдер арасында іс-шараларын ұйымдастырудағы ролін арттыру. Отбасындағы әке мен атаның міндеттері мен жауапкершілігін қалыптастыу жөніндегі .



Ата - бабаларымыздан бізге жеткен көптеген

ұлағатты ғибрат аларлық, тамаша тәлім – тәрбие боларлық , отбасында және қоғамда ата рөлін жоғарылату мақсатында аталар мүшесі тағайындалды.

- 1Бекетай Шахмұрат
- 2Байжигтов Шахмұрат
- 3Тусупбеков Турсын
- 4Лабакон Шалабай



«Аталар» мектебінің жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді

Жиналыс соңында мектеп директоры Ж.С Жамангарина мақсатына қарай іс-шаралар ұйымдастырылуын, сынып жетекшілер, аталармен бірге ер балаларға тәрбиелік іс-шараларға қатысуына сәттілік тіледі.

Мектеп директоры



Ж.С Жамангарина

Аталар мұрасы-халық қазынасы мектепшілік іс-шара сценарийі

Өтілу күні: 3.02.2021

Уақыты:11:00

Жүргізушілер:

Мақсаты: а) **білімділік:** ата-бабадан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балалар-ға ұғындыру.

ә) **дамытушылық:** ойын нақты дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге, оқушы бойына әдептілік және адами қасиеттерді қалыптастру.

б) **тәрбиелік:** жастар бойына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, имандылыққа мейірімділікке тәрбиелеп, аталы сөздерден өнеге алуға баулу.

1. Жүргізуші: Армысыздар ағайын! Қадірменді ұстаздар, оқушылар.

Бүгінгі «**Аталар мұрасы – халық қазынасы**» атты ат әбзелдерінің бірі

«**Ноқта және Жүген**» шеберлік сабағына қош келдіңіздер!

Біздің мектебімізде қаңтар айынан бастап «Аталар мектебі» құрамы құрылды.

Мақсаты: Ата-бабадан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді ұлттық дәстүрімізді,әдет-ғұрыпымызды жас ұрпаққа жеткізу .

2 Жүргізуші: Қадірлі қонақтар мен мектебіміздің ұстаздары бүгінгі іс-шарамызға келген қадірлі қонақтарымызбен таныс болыңыздар.

1.Сәтбаев қаласы ақ сақалдар кеңесінің төрағасы :Сабыр Базылұлы

Мектебіміздің аталары:

2.Мұратбек атамыз

3.Шалабай атамыз

4Қарыбай атамыз

5.Ғабидолла атамыз

6.Тұрсын атамыз.

1 Жүргізуші:Ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты ғибрат аларлық, тамаша тәлім- тәрбие берерлік өсиет сөздер мен қазақтың ұлттық қол өнерін өте көп.

2 Жүргізуші: Біздің бүгінге дейін тапқанымыздан жоғалтқанымыз көп.Қазақ көшпенді тірліктен алыстағалы бері мал шаруашылығына,тіпті қарапайым ат әбзелдеріне қатысты көптеген дүниесінен айырылуды деуге болады.Соны

түгендеп, қайта қалпына келтіру, оны қолданысқа енгізе алмасақ та ұрпақ жадына сақтау біздің міндет. Ал бұл тұрғыда, әсіресе біз сөз етіп жүрген жылқы тақырыбында аз емес. Бүгін сіздердің назарларыңызға ат басы кигізетін жүген мен нөқта бөлшектерінің атауларын, олардың міндеттерін ұсынамыз. 1 «В» сынып оқушысы Боранбай Бейбарыстың атасы Лабаков Шалабай атамыз оқушыларға өзінің шеберлігін үйретеді.

1 жүргізуші: Бүгінгі іс-шара санитарлық талаптарға сай өткізіледі.
Қатысушылар 3 топқа бөлінеді.

1 топ _____

2 топ _____

3 топ _____

2 жүргізуші: Топқа бөлініп алсақ келесі сөз кезегін Аталар мектебі жобасының мүшесі Шалабай атамызға береміз.

1 жүргізуші:

(Қорытынды сөз): Изетінді ине етіп,

Иманыңды түйме етіп.

Инабатты күйме етіп,

Жүрші балам, жамандықты күйретіп, - дегендей біз бабаларымыздың мұрасын,
халқымыздың жақсы дәстүрлерін бойымызға сіңіріп, жалғастырып, жамандықтан аулақ,
жаны таза елжанды ұрпақ болып өсейік.

Аталар сөзімен өсіп- өнген,

Бабалар бұлағынан нәр алған.

Даналар өсиетінен тәрбие алған,

Ұлылар тәрбиесіне тағзым еткен

Ұрпағымыз халықтың ғибрат еткен-

Кешіміздің қадірменді қонақтарына сөз кезегін береміз